



010000, Астана қаласы,  
С.Сейфуллин көшесі, 37  
тел.: (7172) 90 92 60, факс: 90 91 73  
e-mail: kense@antikor.gov.kz

010000, город Астана,  
улица С.Сейфуллина, 37  
тел.: (7172) 90 92 60, факс: 90 91 73  
e-mail: kense@antikor.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары  
Д.М. Еспаева  
А.Т. Перуашев  
А.Р. Әбілдаев  
Е.Х. Барлыбаев  
Б.С. Дүйсембинов  
Е. Ерубаяев  
А.К. Жұмабаева  
Қ.Ж. Иса  
Е.К. Өмірғали  
М.Б. Раманқұлов  
Г.Б. Хамзин  
Е.В. Смышляева  
Ж.Д. Сүлейменова

2022 жылғы 11 қарашадағы, № ДЗ-324 хатқа

### Құрметті депутаттар!

Агенттік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (бұдан әрі - ӘКК) қызметіндегі проблемалық мәселелерді зерделеп, мынадай сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен кемшіліктерін анықтады.

Ағымдағы жылы 2019-2021 жылдар кезеңінде 17 ӘКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілді.

Көптеген сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сондай-ақ ӘКК-нің нақты қызметінің оларды құру мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмеуі анықталды

**Анықтама ретінде:** Елімізде барлығы 17 ӘКК бар. Мақсаттар мен міндеттер өңірлер халқының әл-ауқатының жоғары деңгейіне қол жеткізу, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды дамыту, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру болып табылады («ӘКК дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы» 31.10.2012 ж. №1382 Үкімет қаулысынан).

**Бірінші.** Инвестициялық жобаларға жер учаскелерін конкурстан тыс беру фактілері анықталды.

Осылайша, әрбір екінші жоба көп пәтерлі тұрғын үйлер, мейрамханалар,

автожуу және т.б. құрылыстар салу болып табылады.

Өндіріске салынған инвестициялар жеке сипатқа ие.

**Анықтама ретінде:** Кәсіпкерлік кодекстің 284-бабына сәйкес инвестициялық жоба мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру барысында құрылған, кеңейтілген және (немесе) жаңартылған өндірістерді қоса алғанда, жаңа өндірістерді құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге және (немесе) жаңартуға инвестициялар көздейтін іс-шаралар кешенін білдіреді.

Осылайша, ӘКК қызметінің негізгі қағидаты – жеке сектормен қамтылмаған кеңістікте тиімді жұмыс істеу және онымен бәсекелеспей-ақ бизнестің дамуын ынталандыру бұзылады.

Көрсетілген фактілер Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің, сондай-ақ Ұлттық экономика министрлігінің хаттарымен, хабарламаларымен расталады.

Жүргізілген жұмыс барысында сондай-ақ «Ақтөбе» ӘКК ведомстволық бағынысты индустриялық аймақтың аумағында криптовалютанан өндіру бойынша компания – «Aktobe Smart Tech» ЖШС (*майнинг фермасы*) қызметінің фактісі анықталды.

Атап айтқанда, аталған ЖШС газдың едәуір көлемін тұтыну арқылы оның нарығында тапшылық тудырды, нәтижесі өңірдің тұрғындары мен кәсіпкерлеріне газдандыруға техникалық шарттар беруден бас тартуға алып келді.

**Екінші.** Активтерді тиімсіз басқару.

ӘКК теңгерімінде бар активтер, оның ішінде әкімдіктерден бизнеспен бірлескен жобалар және жарғылық капиталдарын толықтыру арқылы түсетін активтер үлестес тұлғаларға төмендетілген құны бойынша іске асырылады (*мұндай фактілер «Алматы», «Shymkent», «Солтүстік», «Павлодар», «Каспий», «Жетісу» және «Түркістан» ӘКК-де бар*).

2019-2021 ж.ж. өткізу кезінде құнның төмендеуі, шамамен, 6 млрд. теңгені құрады.

Бұдан басқа, 2017-2018 жылдары «Павлодар» (94 млн. теңге), «Атырау» (212 млн.) және «Байқоңыр» (600 млн.) ӘКК басшылығының «Астана Банк» АҚ-ның депозиттік шоттарында жалпы сомасы 906 млн. теңге бюджет қаражатын орналастырғаны анықталды, олар бүгінгі күні Банктің банкроттығына байланысты қайтарылмаған.

**Үшінші.** Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына (*бұдан әрі – ӘМАТ*) бағаларды тұрақтандырудың қолданыстағы тетіктері тиісті нәтиже бермейді.

**Анықтама ретінде:** 2019-2021 жылдары бюджеттен осы мақсаттарға 38,5 млрд. теңге жұмсалды.

Аффилирленген, мамандандырылмаған және қаржылық жағынан тұрақты емес компанияларға жеңілдікті қарыздар беріледі, ӘМАТ-ның келісімшарт жасалған көлемін жеткізуге бақылау жоқ, қаражат нысаналы мақсатта пайдаланылмайды (*банктердегі депозиттерге орналастырады, айналым қаражаты ретінде пайдаланады және т.б.*).

Мысалға, «Ақтөбе» ӘКК басшылығы 2020 жылы коммерциялық құрылым – «Бриг» ЖШС қалада да, облыстың аудандарында да сауда желісі

болмаған жағдайда 500 млн. теңге бөлді (барлығы бір сауда нүктесі).

Осы жылдың басынан бері ғана ел бойынша ӘМАТ бағасы 11,4%-ға (2020 жылы – 9,6%-ға, 2021 жылы – 11,3%-ға) өсті, ал ӘКК-нің азық-түлік тауарларын жеткізу бойынша орындалмаған міндеттемелерінің сомасы 800 млн. теңгеге жетті.

**Төртінші.** ӘКК бизнес-бастамаларды қолдаудың және экономикалық белсенділікті ынталандырудың орнына корпоративтік қорларға, түрлі компанияларға жеңілдікті қарыздар беру түрінде қаржылық көмек көрсетеді («Ақтөбе», «Жетісу» ӘКК).

Мәселен, 2019-2021 жылдары «Жетісу» ӘКК басшылығы «Ақсу қант» ЖШС-сына 3,3 млрд. теңге мөлшерінде пайызсыз қаржылық көмек көрсетті, оның 2,7 млрд. теңгесі шарт бойынша мерзімінде қайтарылмады.

Қайтарылмаған қаражаттың жалпы сомасы, шамамен, 3 млрд. теңгені құрады.

**Бесінші.** Көптеген ӘКК шығындылығына қарамастан, олар жыл сайын еңбекақы төлеу қорын және күтіп-ұстау жөніндегі шығыстарды ұлғайтуды жүргізеді.

Атап айтқанда, ӘКК жиынтық шығыны («Kokshe», «Ақтөбе», «Атырау», «Каспий», «Тараз», «Ақжайық», «Солтүстік», «Сарыарқа», «Astana» және «Павлодар» ӘКК-де белгіленген), шамамен, 17,4 млрд. теңгені құрады.

Бұл ретте, еңбекақы төлеу қоры, оның ішінде басшы буын 3 жылда 1 млрд. теңгеге (952 млн. теңге) ұлғайды.

Мысалға, «Солтүстік» ӘКК-де басқарма төрағасы мен қызметкерлердің жалақысы 712 млн. теңге шығын кезінде 2 есеге артты.

**Алтыншы.** ӘКК көпшілігінің пайдалылығы жалған (күмәнді) болып табылады, өйткені ол, негізінен, банктердегі депозиттерге орналастырылған бюджет қаражаты бойынша пайыздардың есебінен, сондай-ақ балансқа берілген мемлекеттік мүлікті сатудан құралады.

Мәселен, «Shymkent» ӘКК акцияларын төлеуге кадастрлық құны 2 млрд. теңге болатын 70 жер учаскесі (200 га) берілді, оның ішінде 29 жер учаскесі (36,7 га) кейіннен кәсіпкерлік субъектілеріне 5,89 млрд. теңгеге қайта сатылды.

2019-2021 жылдары ӘКК «табысты» деп аталатын банктердегі депозиттер бойынша пайыздар сомасы («Түркістан», «Ертіс», «Алматы», «Байқоңыр», «Тобыл», «Жетісу» және «Shymkent») 4,4 млрд. теңгеге жетті, ал жалпы пайда 5 млрд. теңгені құрады.

Талдау көрсеткендей, ӘКК-дегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің негізгі себебі олардың қызметінің заңнамалық реттелмеуі, бірінші басшы – өңір басшысының тарапынан тиісті бақылаудың болмауы және жеке пайдакүнемдік мақсаттарға қол жеткізу мақсатында, корпорациялардың жекелеген басшыларының іс жүзіндегі қасақана іс-әрекеттері болып табылады.

Бұл ретте өндірістік процестер, оның ішінде операциялық мәселелер ӘКК басшылығының қалауына қарай өзгертін ішкі құжаттармен (қағидалар,

*нұсқаулықтар, ережелер, жарғылар*) регламенттеледі.

Айтылғанды ескере отырып, облыс әкімдіктерінің басшылығына 456 ұсыным енгізілді.

**Төраға**

**О. Бектенов**

Орынд. Ж. Хамитов  
тел. 90-94-16



010000, Астана қаласы,  
С.Сейфуллин көшесі, 37  
тел.: (7172) 90 92 60, факс: 90 91 73  
e-mail: kense@antikor.gov.kz

010000, город Астана,  
улица С.Сейфуллина, 37  
тел.: (7172) 90 92 60, факс: 90 91 73  
e-mail: kense@antikor.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

Депутатам Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Еспаева Д.М.  
Перуашев А.Т.  
Абильдаев А.Р.  
Барлыбаев Е.Х.  
Дюсембинов Б.С.  
Ерубаяев Е.  
Жумабаева А.К.  
Иса Қ.Ж.  
Өмірғали Е.К.  
Раманкулов М.Б.  
Хамзин Г.Б.  
Смышляева Е.В.  
Сулейменова Ж.Д.

На № ДЗ-324 от 11 ноября 2022 года

### Уважаемые депутаты!

Агентством изучены проблемные вопросы в деятельности социально-предпринимательской корпораций (далее – СПК) и установлены следующие коррупционные риски и недостатки.

В текущем году был проведен внешний анализ коррупционных рисков в деятельности 17 СПК за период 2019-2021 г.г.

Установлены многочисленные коррупционные риски, а также несоответствие фактической деятельности СПК целям и задачам их создания.

**Справочно:** Всего в стране 17 СПК. Целями и задачами являются достижение высокого уровня благосостояния населения регионов, развитие конкурентоспособных на мировом рынке предприятий, стабилизация цен на социально-значимые продовольственные товары (из постановления Правительства №1382 от 31.10.2012 г. «Об одобрении Концепции развития СПК»).

**Первое.** Выявлены факты внеконкурсного предоставления земельных участков под якобы инвестиционные проекты.

Так, каждый второй такой проект является строительством

многоквартирных жилых домов, ресторанов, автомоек и др.

Инвестиции в производство имеют единичный характер.

**Справочно:** В соответствии со ст.284 Предпринимательского кодекса, инвестиционный проект представляет собой комплекс мероприятий, предусматривающих инвестиции в создание новых, расширение и (или) обновление действующих производств, включая производства, созданные, расширенные и (или) обновленные в ходе реализации проекта государственно-частного партнерства, в том числе концессионного проекта.

Тем самым, нарушается ключевой принцип деятельности СПК – эффективно работать в пространстве, не занятом частным сектором, и стимулировать развитие бизнеса, не конкурируя с ним.

Указанные факты подтверждаются письмами, уведомлениями Агентства по защите и развитию конкуренции, а также Министерства национальной экономики.

В ходе проведённой работы также установлен факт деятельности компании по добыче криптовалюты (майнинговой фермы) - ТОО «Aktobe Smart Tech» на территории индустриальной зоны, подведомственной СПК «Актобе».

В частности, указанное ТОО путем потребления значительных объемов газа создало дефицит его на рынке, что в результате привело к отказам в выдаче техусловий на газификацию жителям и предпринимателям региона.

**Второе.** Неэффективное управление активами.

Имеющиеся на балансе СПК активы, в том числе поступающие через совместные с бизнесом проекты и пополнение уставных капиталов от акиматов, реализуются аффилированным лицам по заниженной стоимости (такие факты имеются в СПК «Алматы», «Shymkent», «Солтүстік», «Павлодар», «Каспий», «Жетісу» и «Түркістан»).

Занижение стоимости при реализации за 2019-2021 г.г. составило около 6 млрд. тенге.

Кроме того, установлено, что в 2017-2018 г.г. руководство СПК «Павлодар» (94 млн. тенге), «Атырау» (212 млн. тенге) и «Байқоңыр» (600 млн. тенге) на депозитных счетах АО «Астана Банк» разместило бюджетные средства в общей сумме 906 млн. тенге, которые на сегодняшний день не возвращены по причине банкротства банка.

**Третье.** Действующие механизмы стабилизации цен на социально-значимые продовольственные товары (далее – СЗПТ) не дают должного эффекта.

**Справочно:** За 2019-2021 г.г. из бюджета затрачено на эти цели 38,5 млрд. тенге.

Выдаются льготные займы аффилированным, не специализированным и финансово не устойчивым компаниям, отсутствует контроль за поставкой законтрактованного объема СЗПТ, средства используются не по целевому назначению (размещают на депозитах в банках, используют в качестве оборотных средств и т.д.).

К примеру, руководство СПК «Актобе» в 2020 г. выделило 500 млн. тенге коммерческой структуре - ТОО «Бриг» при отсутствии у него торговой сети

как в городе, так и в районах области (*всего одна торговая точка*).

Отмечаем, что только с начала этого года цены на СЗПТ по стране выросли на 11,4% (*в 2020 г. на 9,6%, в 2021 г. – на 11,3%*), а сумма неисполненных обязательств СПК по поставке продовольственных товаров достигла 800 млн. тенге.

**Четвертое.** СПК вместо поддержки бизнес-инициатив и стимулирования экономической активности оказывает финансовую помощь корпоративным фондам, различным компаниям под видом выдачи льготных займов (*СПК «Актобе», «Жетісу»*).

Так, за 2019-2021 г.г. руководством СПК «Жетісу» оказана беспроцентная финансовая помощь ТОО «Ақсу қант» в размере 3,3 млрд. тенге, из которых 2,7 млрд. тенге так и не возвращены в срок по договору.

Общая сумма невозвращенных средств составила около 3 млрд. тенге.

**Пятое.** Несмотря на убыточность многих СПК ими ежегодно производится увеличение фонда оплаты труда и расходов по содержанию.

В частности, совокупный убыток СПК (*установлено в СПК «Kokshe», «Актобе», «Атырау», «Каспий», «Тараз», «Ақжайық», «Солтүстік», «Сарыарқа», «Astana» и «Павлодар»*) составил около 17,4 млрд. тенге.

При этом, фонд оплаты труда, в том числе руководящего звена, за 3 года увеличился почти на 1 млрд. тенге (*952 млн. тенге*).

Например, в СПК «Солтүстік» повысили зарплату председателя правления и сотрудников в 2 раза, при убытке 712 млн. тенге.

**Шестое.** Прибыльность большинства СПК является мнимой (*сомнительной*), поскольку в основном образуется за счет процентов по размещенным бюджетным средствам на депозитах в банках, а также от реализации переданного на баланс государственного имущества.

К примеру, в оплату акций СПК «Shymkent» переданы 70 земельных участков (*200 га*) кадастровой стоимостью 2 млрд. тенге, из которых 29 земельных участков (*36,7 га*) в дальнейшем перепроданы субъектам предпринимательства за 5,89 млрд. тенге.

За 2019-2021 г.г. сумма процентов по депозитам в банках т.н. «прибыльных» СПК (*«Түркістан», «Ертіс», «Алматы», «Байқоныр», «Тобол», «Жетісу» и «Shymkent»*) достигла 4,4 млрд. тенге, тогда как общая прибыль составила 5 млрд. тенге.

Анализ показывает, что основной причиной коррупционных рисков в СПК является законодательная не урегулированность их деятельности, отсутствие должного контроля со стороны первого руководителя – главы региона и фактически умышленные действия отдельных руководителей корпораций с целью достижения личных корыстных целей.

При этом, производственные процессы в т.ч. операционные вопросы регламентируются внутренними документами (*правила, инструкции, положения, уставы*), которые меняются на усмотрение руководства СПК.

С учетом изложенного, руководству акиматов областей внесено

456 рекомендаций.

**Председатель**

**О. Бектенов**

Исп. Хамитов Ж.  
тел. 90-94-16